

**ӘОЖ 81.33**

**ҒТАХР 16.21.51**

**<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.019>**

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЕМОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

**\*Снасапова Г.Ж.<sup>1</sup>, Нұрсұлтанқызы Ж.<sup>2</sup>, Байдаулетова А.Ө.<sup>3</sup>,  
Оралбаева Г.С.<sup>4</sup>**

**\*1,2,3,4 Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан**

**Андатпа.** Құрамында демонологемалары бар фразеологиялық тіркестердің, ертегілер мен аңыз-эпсаналардың ұлттық сананы қалыптастырудағы, айнала қоршаған ортаны танып-білудегі маңызы ерекше.

Прецедент есімдерге жататын демонологиялық кейіпкерлер аясындағы танымдық ақпараттарды зерделеп, олардың лингвопрагматикалық әлеуетін салғастыра қарастыру жұмыстың мақсаты болып табылады.

Мақаланың өзектілігін танымдық лингвистика төңірегіндегі зерттеулердің ұлттық таным, тіл мен ақиқат дүние арасындағы өзара байланыстың ара жігін ажыратуға бағытталғандығымен түсіндіреміз. Жұмыс лингвомәдениеттану шеңберінде орындалған.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қазақ және ағылшын тіліндегі демондық персонаждарға лингвомәдениеттанымдық талдау әдісін қолдану нәтижесінде алынған тұжырымдармен анықталады. Өйткені, олар қазақ және ағылшын дүниелерінің тілдік бейнесіне нақтылаулар енгізіп, қос ұлт менталитеті туралы түсінікті кеңейтеді.

Зерттеуде салғастырмалы талдау, материалды когнитивті тұрғыдан түсіндіру, сипаттау, үздіксіз іріктеу және жіктеу әдістері қолданылды.

Зерттеуде екі мәдениет өкілдері қиял дүниесінің түпкілікті тұрғындары болып есептелетін кейбір демондардың ұлттық-танымдық ерекшеліктеріне баса назар аударылып, оларға лингвокогнитивтік тұрғыдан сипаттама берілді.

Екі ұлтқа ортақ әмбебап демондармен қатар, жеке тілдік қауымдастық мүшелеріне ғана аян кейбір персонаждар жайлы аялық ақпараттарға тоқталып, олардың айналысатын кәсібіне, мінез-құлқына, тегіне, тұрқына т.б. талдау жасалды.

Кейбір демондардың психологиялық портреті ұлттық-танымдық тұрғыдан салғастыра сипатталды, эксплицит, имплицит ақпараттар жинақталып, олардың ұлттық ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтары дәйектелді.

Демонологемалар этномаркерлі лексика ретінде қарастырылып, олардың термин жасауға да қатысатындығы нақты мысалдармен дәлелденді.

Зерделенген кейіпкерлер атауының кумумлятивтік қасиеті сөз болып, олардың коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті жоғары лексика екені нақтыланды.

Өзара туыстас емес екі тілдегі демонологиялық кейіпкерлерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдау қазақтар мен ағылшындар менталитетінің кейбір ерекшеліктерін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Заманауи қоғамда тілдік тұлғаның тылсым күштер туралы ақпараттарды білуге деген қызығушылығының жоғары екендігі дау туғызбайды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ және ағылшын тілдеріндегі демонологиялық кейіпкерлерді танымдық лингвистика аясында салғастыра қарастыруды жұмыстың құндылығына жатқызып, алынған нәтижелер мен жасалған қорытындыларды тиісті білім саласына қосқан үлес деп есептеуге болады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығына оның негізгі нәтижелерін салғастырмалы тіл білімінде, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика пәндерінде, қазақ, ағылшын тілдерін оқыту практикасында, сондай-ақ курстық және дипломдық жұмыстар тақырыбын әзірлеуде, түсіндірме сөздіктер құрастыруда қолдануды жатқызамыз.

**Тірек сөздер:** мифологиялық дүние бейнесі, демондар, иррационал білімдер, мифтік таным, аялық ақпарат, ұжымдық сана, миф, мәдени код, имплицит ақпарат, аксиологиялық құндылықтар

## **Кіріспе**

Кез келген ұлттың мифологиялық дүние бейнесінің өзіндік ерекшеліктерінің болуы заңдылық. Аталған дүние бейнесінің тұрақты фрагменттері саналатын, ұлт өкілдерінің санасында ғасырдан-ғасырға өмір сүріп келе жатқан демонологиялық кейіпкерлердің болмысын зерделеу тілдік қауымдастық мүшелерінің менталитетін, мәдениетін тереңірек ұғынуға көмектеседі. Өйткені, мифологиялық дүние бейнесі дүниетанымдық қана емес, аксиологиялық, тәрбиелік және этикалық қызметті қоса атқарады. Демонологемалар ұлттық-мәдени және лингвопрагматикалық қасиетпен ерекшеленетін лексемалар болып саналады.

Мифтер ұлттық қауымдастық өкілдерінің салт-дәстүрі мен ырым-жоралғыларында маңызды орын алады. Қиялдан пайда болған персонаждардың бітім-болмысы мен қадір-қасиеті нақты ұлт өкілдерінің ұстанатын дініне, мәдениетіне байланысты екені дау туғызбайды.

Мифологияға қатысты зерттеулер А.А. Потебня, Э.М. Мелетинский, С. Қондыбай, С. Қасқабасов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Қодар, А. Мауленов, Э.Б. Тайлор, Р. Дорсон, Т. Кларк т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылғаны мәлім. Оның ішінде қазақ мифтерінің жанрларына, ерекшеліктеріне талдау жасап, аталған мәселені жан-жақты зерттеген С. Қасқабасовтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. С. Қасқабасовтың пайымдауынша: «Миф – тек алғашқы қауымның ғана жемісі, ол кейінгі замандарда тумайды, керісінше,

мифтік (яғни «киелілік») қасиетін жоғалтқан соң ертегіге айналып кетеді» [1,130б.]. Ал, мифологиялық кейіпкер – мифтік дәуірде өмір сүріп, мифтік әлемдегі нәрсенің бәрін жасаушы, тіршілік атаулының бәрін дүниеге келтіруші күш [2]. Осы мазмұндас пікір Р. Дорсонның «Фольклор мен фальшлор» (ағыл.: «Folklore and Fake Lore») деген еңбегінде кездеседі. Онда автор қазіргі фольклордың этнографиялық дәстүрге сәйкес келмейтінін, өйткені оның жазбаша мәтін ретінде өмір сүре алатынын, шығу тегінің ғасырлар қойнауында болып өткен оқиғалармен байланыспайтынын тілге тиек ете отырып, оған фальшлор деген атау берген.

Заманауи қоғамда да мифология өзінің өміршеңдігін жойған емес. Ол – ежелгі дәуірлердегі тәрізді адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында басшылыққа алатын негізгі қағидаттың бірі болмағанымен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте ішінара бой көрсетіп қалатын құбылыс. Санасынан мықтап орын алған демонологиялық кейіпкерлер мен олардың астарындағы аялық ақпараттармен қаруланған ұлт өкілдерінің әлеуметтік өмірде аталған жаратылыс иелеріне қатысты жағдайды елеусіз қалдыра алмайтыны анық.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Жұмыста қазақ және ағылшын тілдік қауымдастық өкілдерінің барлығына етене жақын, олардың ұлттық жадында неғұрлым маңызды орын алатын кейбір демонологиялық образдарға танымдық-салғастырмалы тұрғыда талдау жасалды. Олардың аясындағы эксплицит және имплицит ақпараттарға тоқталып, сипаттама берілді. Зерттеу материалдары ретінде көркем шығарма мәтіндері, фразеологиялық тіркестер, терминдер т.б. қарастырылды. Салғастырылып отырған тілдердің ұлттық дүние бейнесіндегі ерекшеліктері мен ортақ белгілері айқындалды.

### **Нәтижелер**

*Жын, Шайтан, Пері, Мыстан кемпір* т.б. сияқты демонологиялық персонаждар – екі ұлттың да мәдениеті мен танымында кездесетін әмбебап образдар.

Кез келген ұлттық қауымдастық өкілдерінің мифологиялық дүние бейнесіндегі демонологиялық кейіпкерлердің әрқайсының жынысы, атқаратын қызметі, тіршілік ету ортасы, кескін-келбеті, мінез-құлқы, аксиологиялық сипаттамасы болатыны сөзсіз. Мысалы, қазақтардың санасынан тұрақты түрде орын алған *Шайтан, Малғұн, Пері, Перизат, Жын, Әзәзіл, Ібіліс, Әбілет, Сұқ, Шимұрын, Жезтырнақ, Дәу, Дию, Мыстан кемпір, Албасты, Қара албасты, Марту, Үббе, Жылбысқа, Бәдік, Күләпсан, Монтаны, Пәдәуін, Күлдіргіш, Жалмауыз, Жалғыз көзді дәу, Көлжұтар, Обыр, Мұңкір-нәңкір, Күрзі, айдаһар* т.б. адамға қастандық жасауға бейім тұратын образдарға жатады.

Ағылшын тілінде кездесетін демон атауларының ежелгі Рим, Ежелгі

Египет, ежелгі грек, кельт дәстүрлерінен шыққаны белгілі. Басқаша айтқанда олардың біразы ағылшындардың ұлттық дүние бейнесі шеңберінде ассимиляцияға ұшыраған классикалық образдар. Мысалы: *banshee* ирланд тілінен аударғанда *bean sidhe*, яғни Шиден (Ши – ақырет) шыққан әйел дегенді білдірсе, *Spriggan* атауы кельт тілдерінен аударғанда *рухтар, перілер* дегенге саяды және т.б.

Кейбірінің сыртқы бітім-болмысы адам тақілеттес болып келетін *эльф (elf), пикси (pixie), лепрекон (leprechaun), тролль (troll), гоблин (goblin), орк (ork), хоббит (hobbit), гремлин (gremlin), гном (gnome)* т.б., антропоморфты немесе зооморфты жаратылыс иелері саналатын *фэйри (fairy)* т.б. ағылшын демонологиясындағы ерекшеліктер болып табылады.

Қазақи дүниетаным иелеріне таныс емес персонаждар болғандықтан, олардың кейбірінің астарындағы имплицит ақпаратты ақтарсақ, Линкольншир мен Шығыс Англияны мекен еткен *Гайтер рухтары (Gaither spirits)* деп аталатын *аласа бойлы, көккөз, жылтық сары феялардың құсқа айнала алатын қасиетке* ие екенін білуге болады [3].

Англия мен Шотландияның ежелгі сарайлары мен мұнараларының тұрғындары саналатын *қызыл телпектер (redcaps)* қанішер глобиндер тобына жатса, көбіне *бұзау мен жылқының кейпіне* еніп, неше түрлі зиянкестікке баратын гоблин *брэгті (brag) мойнына байланған ақ жіптен танытын* ағылшындар оның адамзат атаулыны жек көретініне сенімді. Сондай-ақ, *тролль (troll) қаңырап бос қалған үйшіктерді, жер асты үңгірлерін мекен ететін зұлым эльфтер* болса, тролльдер тәрізді *дымқыл, қараңғы жер асты үңгірлерінде өмір сүретін орктер (orks)* – әдетте тобырмен *шабуыл жасайтын, ақымақ, қанішер, зұлым жаратылыс иелері* [3].

Ағылшын фольклорында кездесетін *пиксилер (pixies)* – *жер асты үңгірлерін, тас қорғандар мен қабірлерді мекендейтін сырт пішіні бала тәріздес, билеп, күресуді әдетке айналдырған, үшкір құлақ, кір-қожалақ көңілді демондар*. Мысалы, *Корнуэль пиксилері (Cornish pixies)* – эльфтер мен феялар тобына жататын *қалқан құлақ, сары көз, мөлдір қанат* мифологиялық мақұлықтар деген мағлұмат бар. *Пиксилер* сияқты Джон Р.Р. Толкиннің шығармаларында кездесетін *хоббит те (hobbit) адам тәріздес тапал, ақкөңіл жаратылыс иесі* саналады. Ал, *эльфтердің (elves)* кез келген түрі *сиқырмен айналысады-мыс*.

Десек те, қазақ ертегі-аңыздарында да нақты атаулары болмағанмен, *бойы бір қарыс, сақалы екі (қырық) қарыс, жарты құлақ* т.б. *ергежейлі кейіпкерлер* туралы деректер бар.

Қазақ көбіне балалары тыңдамаған кезде оларды *қасқыр жеп қояды, жалмауыз кемпір алып кетеді, Бөжәй келе жатыр* т.б. деп қорқытса, ағылшындар мұндай сәтте *Баг (Bag), Тантерабогус (Tankerbogus), қарлығанның әйелі (Gooseberry wife), Пег Паулер (Peg Powler), жасыл тісті Джени (Jenny Greenteeth)* т.б. деген атауларды қолданады. Бұл

жердегі бір ерекшелік географиялық кеңістікке байланысты арқайсысы өз *Бөжэйін* шақырады екен. Мысалы: Англияның оңтүстік батысында орналасқан Сомерсеттегілер *Тантерабогусті* (*Tankerbogus*), Уайт аралын мекендегендер *қарлығанның әйелін* (*Gooseberry wife*), елдің солтүстігіндегі Дарем графтығында тұратындар *Пег Паулерді* (*Peg Powler*), Ланкашир графтығындағылар *жасыл тісті Дженидіді* (*Jenny Greenteeth*) т.б.

Демонологиялық кейіпкерлер туралы ақпарат жазба тілде көрініс таппағанымен, ұлтымыздың тұрақты сөз тіркестері қатарында кездесетін *әзәзілдей азғыру, әзәзіл сайтандай, пері соқты, пері мінді, обырдай обу* т.б., ағылшын тіліндегі *sell the soul to the devil* (*шайтанға сатылу*), *deal with the devil* (*шайтанмен мәмілеге келу*), *\_to scream like banshee out of hell* (*тозақтағы баниши сияқты айқайлау*), *The gnomes of Zurich* (*Құпия саяси ықпалға ие деп саналатын, әсіресе Швейцариялық ықпалды банкирлер немесе инвесторлар тобын атау үшін қолданылатын тіркес*), *between the devil and the deep sea* (*екі оттың ортасында қалу*) т.б. олардың тілдік тұлға тезаурусында сақталғанын байқатады.

Қазақ демонологиясындағы *Бөжэй* кейбір ашық ақпарат көздерінде *жартылай адам-жартылай зұлым мақұлық* ретінде сипатталса, енді бірінде *нақты бейнесі беймәлім кейіпкер* ретінде қалған. Кейбір дереккөздерде *үбі, үбіжәй, бөжей, бөжек, үбіжік* деген атаулардың түбі бір демон екендігі туралы да көзқарас бар [4].

Ал, ағылшындардың дүниетанымындағы *Баг* физикалық тұрғыдан зиян келтіре алмайтын, тек қорқытатын *аю тәріздес* құбыжық болса, *Пег Паулер* (*Peg Powler*), *жасыл тісті Джени* (*Jenny Greenteeth*) *сотқар балаларды суға батырып өлтіретін* демондар, *Тантерабогус* – *жаңа туған нәрестелерді ауыстырып қоятын немесе ұрлап әкететін зұлым*. Ал, *қарлығанның* (көпжылдық өсімдік) *әйеліне* келер болсақ [3], ол *өсімдіктің арасынан шығатын үлкен құрт* екен.

Қазақтардың мифологиялық дүние бейнесінде кездесетін демонологиялық персонаждардың тегіне үңілсек, әйел жыныстағы демондардың қатарында *Күлдіргіш, Пері, Перизат, Мыстан кемпір, Албасты, Жезтырнақ, Обыр, ешкі тұяқты Таутай-Лақ, Арапшы* т.б. болса, еркек кіндіктілерден *Шимұрын, Дәу, Дию, Сөрел, Көлтауысар* т.б. бар.

Ағылшын демонологиясындағы әйел текті кейіпкерлерге *қанішер, қаскөй Банши* (*Bunsch*), *темір тырнақтары мен тістері сойдиган, көкбет, адам етін жейтін жалғыз көзді жалмауыз Қара Аннис* (*Black Annis*), *ақ киімді, кезбе Ақ әйел* (*The White Lady*), *найзамен қаруланған ұсқынсыз қортық кемпір Спригган* (*Spriggan*), *ұйқыда жатқан адамды тұншықтырып өлтіретін зұлым рухтар Батибат* (*Batibat*), *қараған адамын тасқа айналдырып жіберетін Горгона* (*Gorgona*), балаларды суға батырып азаптайтын *жасыл кемпір Пег Паулер* (*Peg Powler*), *батпақ демоны жасыл тісті Джени* (*Jenny Greenteeth*) [5] т.б. жатады.

Жоғарыда келтірілген *әйел-еркек* келбетіндегі кейіпкерлермен қатар,



ұсқыны түсініксіз жаратылыс иелері де кездеседі. Оған түрі адамға да, хайуанға да ұқсамайтын, *денесі дымқыл түкті орман пәлесі* саналатын *Жылбысқа, жартылай әйел, жартылай құс кейпіндегі Юварка (Youwarkee)*, сыртқы кейпі *қоян мен бультерьердің шатысын* елестететін, *бойы жарты аршын* зұлым *Гремлиндер (Gremlins)* т.б. мысал бола алады.

Демондардың тегіне үңілсек, екі мәдениетте де әйел жынысты образдардың басым екенін байқауға болады. Олардың физикалық келбетін суреттегенде магиялық күшке ие саналатын *шап, тырнақ, тіс, ауыз, көз* тәрізді соматизмдерге ерекше назар аударылады. Мысалы: «Кемпір бір *тісін* жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді» («Алтын сақа» ертегісі) немесе «When she (*banshee*) was seen combing *her hair* or heard wailing beneath a window, it was considered a sign that a family member was about to die» [6]. (Ауд.: Егер сіз оның (Баншидың) *шашын* тарап тұрғанын көрсеңіз немесе терезеніздің астында жылап тұрғанын естісеңіз, онда бұл сіздің отбасыңыздан біреудің өлетініне көрінеді) т.б. айтқан ойдың дәйегі.

Қазақи демондардың атқаратын қызметіне келсек, *Монтаны* адам айкезбемен ауырғанда жетектеп кетсе, *Пәдәуін* ұрланған затты табуға көмектеседі. Ал, *Мүңкір-нәңкір* өлген адамдардан жауап алушы, тергеуші болса, өлген күнәлі адамдарды жазалайтын құрал, шокпар ретінде *Күрзі* қолданылады.

Заманауи қоғам мүшелерінің санасынан біртіндеп өшкен, тіпті қазіргі ұрпақ өкілдеріне бейтаныс демонологиялық кейіпкерлердің қатарында *Күлдіргіш, Көнаяқ, Үббе, Марту, Монтаны, Пәдәуін, Шимұрын* т.б. бар. Солардың кейбіріне тоқталып, олардың астарындағы аялық ақпаратты ақтарсақ, *Күлдіргіштің* су перісі, *Көнаяқтың* орман перісі, *Мартудың* толғатқан әйелдердің жанын қинайтын жын, *Үббенің* адамды атын атап, алдап шақырып, су түбіне тартып әкететін су перісі екенінен хабардар боламыз.

Ағылшындардың таным-түйсігінде аң-құс түріндегі демонологиялық кейіпкерлердің жиірек кездесетінін көреміз. Мысалы, *артқы аяқтарымен тұратын бір жасар құлын* образындағы демон *Grant (Грант), ит, жылқы* немесе *ешкі* бейнесінде көрінетін *Гайтраш (Gytrash), бұзау мен жылқы* кейпіндегі демон *брэг (brag)* т.б. айтылған ойдың дәйегі бола алады.

*Ит* кейпіндегі демонологиялық кейіпкерлердің ағылшын мифологиясында көптеп кездесетінін байқаймыз. Мысалы: *bargest* (баргест), *Guytrash* (Гайтраш), *қара төбет* образындағы Грим, *Дэндидің шайтан иттері (Devil's Dandy Dogs)* т.б. Күнаһарлар мен дәм-тұзы таусылғалы тұрған жандарды қуып, олардың ізіне түсетін *Dando and his Dogs, Dandy dogs, Health Hounds, Wish Hounds, Yeth Hounds, Cheney's Hounds* т.б. – жоғарыда сөз болған демон иттерге берілген атаулар. Мысалы, *Баргест* – Англияның солтүстік графтықтарының фольклорында кездесетін *бадырақ көздері үнемі жанып тұратын жүні дүрдіген ит* кейпіндегі зұлым рух. Ол да өлімнің хабаршысы ретінде сипатталады.

*Жәбірейіл иттері (Gabriel's Hounds)* әуеде қалықтап ұшып жүретін, бірақ көзге көрінбейтін, ұшқан дыбысы ғана естілетін, басы адамның басы тәріздес иттер екен. Ежелгі наным бойынша, олар төбесінен ұшып өткен үйдің тұрғындары бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Ал, (*bullbeggar*) – кейбір аңыз-әпсаналар бойынша түнделеткен жолаушыларды қуып, зәре-құтын алатын иттер тобыры.

Жоғарыда келтірілген мысалдар ағылшындардың демон иттердің бәріне дерлік атау бергенін көрсетсе, қазақ тілінде бұл құбылыс байқалмайды.

Қазақтардың когнитивтік санасында *ит жеті қазынаның бірі* болып есептеледі. *Итті тепсең – ырысыңды тебесің, итті иесімен қина, жақсы ит өлігін көрсетпейді, итін жамандасаң иесіне тиеді, жақсы ит – иесінің көз-құлағы* т.б. нақылдар соның айғағы. Сондықтан, *ит* мифологемасының астарында наным-сенімдер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге байланысты қазақи этникалық нормалар жатыр. Мәселен, қазақ халқының қарым-қатынасында *итке* байланысты көптеген табу кездеседі. Мысалы, *иттің құйрығын тартпа, ит баласын үйде ұстама, итке ожаумен ас құйма, итаяқты теппе, ит аспанға қарап ұлыса, бір қатер бар* т.б. Халқымыз *итті теппеген, үстіне су шашпаған. Итке су шашса, сол шашқан адамның үстіне сүйел қаптап шығады* деген қорқыныш болған. *Итке мінбейді. Баланы итке мінгізсе кедей болады, кедейшілік келеді* деп сенген. Иттің майын құрт ауруына қарсы ішкізіп емдеген, балаларға *иттиген* ауруы тисе, балаларды күшік немесе ит арасына қондырған немесе олардың орнына аунатқан.

*Көз тиюге (to jinx)* байланысты ағылшын тілінде *to knock on wood (ағашты ұру), fingers crossed (саусақтарды айқастыру)* деген тұрақты тіркестер бар. Қазақтарда көзіккенде *иттің орнына аунату* немесе *түкіру* рәсімдері жасалатын болса, ағылшындардың көз тимеу үшін жай ғана *ағаштан жасалған затты соғатынын* немесе *саусақтарын айқастыратынын* байқаймыз.

Дей тұрғанмен, *иттің ұлуы* қазақтардың когнитивтік санасында қайғы-қасіретпен ассоциацияланады. Яғни, *ит ұлыса* қазақ жамандық болады деп қорыққан. Бірақ, зерттеуші С. Қондыбайдың келтірген мына бір дәйегінен ұлудың да ұлуы болатынын байқаймыз: «Менің өз анам – Тәрбиядан естіген ит туралы оқиға бар. Апам бала кезінде Таушықта тұрған, ол кез соғыс жылдары болатын. Міне, сол жылдары ауыл адамдары иттің түнгі ұлуына қарап жори білген екен. Иттер жиылып алып, «шөңгесінен шөгіп отырып» (шоқиып отырып) ұзақ, үздіксіз ұлитын кездері болады екен. Бір күндері осындай «ұлу» күн сайын кешке екі аптаға созылыпты. Балалар оларды таспен қуса да, иттер ұлығанын қоймапты. Сонда жұрт «е, бұл жаманшылықтың белгісі» деп түсінген. Бір-екі күннен соң Таушықтағы бес-алты жеменейдің (адайдың бір атасы) үйіне соғыстан «қара қағаз» келіпті.

Ал, ит шоқиып отырып үздіксіз емес, керісінше үзіп-үзіп, қысқа-қысқа ұлыса, оны жақсылыққа жориды екен. Міне, осындай «ұлулардың» бірінде апаммен қатарлас Таңбай деген баланың шешесіне «сенің шалыңнан жақсы хабар болар» деп айтқанын апам естігенін айтады. Айтқандай-ақ, екі-үш күннен кейін баланың Жәңгір (әлде Жаңбыр) деген әкесі соғыстан үйге аман-есен оралыпты» - деп, иттің ұлуынан қазақ дүниетанымына тән пәлсапа түйюі заңды құбылыс екенін айтады [7, 329-230 бб.]. Бұл жерден шығатын түйін *иттің қасқырша ұзақ ұлуы – жамандықтың, қысқа-қысқа, үзіп-үзіп ұлуы – жақсылықтың нышаны* деп жорыған. Ит аспанға қарап ұлыса – өлімге көрінеді деп, итті қарғаған. Қуып жүріп, ұрып өлтіріп, көміп тастаған. Үстіне қара тас бастырып, түкіріп безінген. Онысы бәлесі өзімен кетсін дегені. Мұның исі қазаққа ортақ сенім екенін айтқан жөн. Бұл ырымшылдық емес, халықтың дүниені тану қисыны болып табылады. Ит – түркілердің дүниетанымындағы аса маңызды рөлге ие мақұлық, оның мифтік маңыздылығы қасқырдан да, жылқыдан да кем түспейді.

*Иттің ұлуы* ағылшындардың көңіліне де жайсыздық ұялататынын мына ой дәйектейді: *A howling dog means that death is near.* (ауд.: *Иттің ұлуы* өлімнің жақын қалғанын білдіреді).

Кейбір зерттеулер нәтижелеріне сүйенсек, *ит* культуремасының балаға қатысты салт-дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда көрініс табатынын байқаймыз. Мысалы: *Ит көйлек кигізу* дәстүрі. Нәресте дүние есігін ашқанымен, халқымыздың түсінігі бойынша, 40 күндік уақыт өткенге дейін «әлі тумаған» болып саналады: яғни, ол – әлі тумаған, ол – өлі, тек 40 күн өтіп, 41-інші күн болғанда ғана ол «ресми түрде» дүниеге келеді. Қырқынан шыққанға дейін баланың бетінен сүюге, бөгде адамдарға көрсетуге, сыртқа алып шығуға тыйым салынады. Жанында тек анасы болады. Ырым-тыйымдардың негізгі мәні – баланы, жаңа босанған ананы тіл-көзден сақтау. Орта Азия халықтарының бәрінде соның ішінде қазақ халқының ырымында да бірінші қырық күн сәби мен оның анасы үшін қатерлі деп саналған. Қырық күнге толғаннан кейін, салт-дәстүр бойынша «қырқынан шығару» немесе «ит көйлек кигізу» жоралғыларын өткізіп, баланы «өлілер дүниесінің қақпасын күзететін итке» сыйлық беріп, бұл дүниеге шығарып алады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ит көйлек (жейде) – жаңа туған балаға кигізетін, тігісі сыртына қараған көйлек» деген интерпретация бар.

«Мәңгілік жаһандық тақырыптар көтерілетін мифтер әдебиетке этикалық және эстетикалық кемелдік әкеледі, өткен дәуірлердің атмосферасын жасайды, өзінің ерекше контекстік аурасын қалыптастырады» [8]. Сонымен қатар, ақиқат әлемде денотаты жоқ, тек ұлт өкілдерінің қиял әлемінде тіршілік ететін демондық кейіпкерлердің атауы рецепиенттің жай-күйіне ерекше әсер тудыратын, кумулятивтік, коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті жоғары лексикалар тобына жатады. Мысалы: «Бұл қомағай қарынды, жалмауыз тілекті ертегі *обырының* айқын тұрған белгісі еді. *Обырды* туғызған ана – *жалмауыз* түсті ұлық. Соның айқын таңбасы



– ертегі *айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық*» (М. Әуезов) -деген мысалдағы *обыр* көркем шығарма шеңберіндегі прагматикалық әлеуеті жоғары лексика ретінде қолданылса, оның медицина саласында термин жасауға қатыса алатынына *обыр, обыралды аурулары, обыралды жағдай* т.б. терминдер дәйектеме болады: «Обыр (рак) – түрлі ағзаларда қатерлі ісіктердің пайда болуымен байланысты туындайтын аурулардың тұтас спектрінің жалпы атауы» [9].

«Албастыдай еліріп,  
Жалмауыздай емініп,  
Жыным қаптап желігіп,  
Қайта салдым ойынды» (Б. Күлеев).

«Құдіреті күшті *ақша* деген *әзәзіл* жұмыр Жерді тұрақ еткен адамзат әулетінің санасын улап жатыр. Материалдық байлықтың айдарынан жел есіп, алға шығып кетті» [10].

«Тыңдама, оттай берсін. Кері кеткен ауылдың жалмауыз ұлдары не демейді!» -деген. Көбісінің әкесі соғыстан қайтпай қалды ғой. Мүмкін, шешесі «*жалмауыз*» деп сондықтан айтқан шығар, ашынғанда не демеуші еді әйел заты (О. Бөкейхан).

Келтірілген мысалдардағы ұлттық-мәдениенталитетті тасымалдаушы прецедент есімдер саналатын демондар *албасты, жалмауыз, жын, обыр, самұрық, әзәзіл, екі басты айдаһардың* астарындағы аялық ақпараттар рецепиенттің көңіліне эмоционалдық-экспрессивтік тұрғыда ерекше әсер қалдырып, аз сөзге көп мағына-мазмұн сидырып тұр.

Қазақ демонологиясындағы *Перизат* пен *Ібілістің* аксиологиялық тұрғыдан алғанда бір-біріне қарама-қарсы кейіпкерлер екені белгілі. Мысалы:

«...*Ібілістің* ісіне,  
Табынады кей тобыр.  
Жанын жаулап өзгенің,  
Ірітеді *ібіліс*.  
Шел басқанға көздерін,  
Ібілісің – құбылыс.  
*Періштеге* сенбейді,  
*Ібіліске* сенеді.  
Айтқаныңа көнбейді,  
Ал, *сайтанға* көнеді» (А. Түсіпбекова) [11].

Мистикалық мазмұнмен ерекшеленетін этномаркерлі лексикалар тобына жататын демонологиялық персонаждар есімдерінің термин қалыптастыруға қатыса алатын қасиетін келесі мысалдар да дәйектейді. Ағылшын тілінде *Лепрекондар экономикасы (Leprechaun economics)* деген термин бар. Оның меңзейтін мағынасы *салықтан жалтаратын, бас сауғалайтын пана* дегенді білдіреді. Терминді Ирландияның 2015 жылғы жалпы ішкі өнімінің жасанды түрде 26,3 % өскенін көрсету үшін Пол

Кругман деген экономистің қалыптастырғаны белгілі. Аталған оқиғаның теріс салдары әсерінен Ирландия 2016 жылдың қыркүйегінде қара тізімге ілінген. Бұл терминнің шығып, айналысқа енуіне аттас демонның қасиеті, кәсібі, яғни экстралингвистикалық ақпарат себеп болып тұр десек қателеспейміз [12].

*The leprechaun* образы ауызекі тілде қаржы тұрғысынан алғанда *жеңілдік* деген мағынада да кездеседі екен. Мысалы: *You can catch the leprechaun this week* (Ауд.: Сіз осы аптада *жеңілдікті* пайдалана аласыз). Ал, *Leprechaun Riches slot* (Ауд.: *Леприконның* байлық ұясы) – ойын автоматтарының атауы.

Тіпті Ирландықтар жылда 13 мамыр күні жасыл костюм киіп ұлттық Лепрекон күнін атап өтеді екен. Мүмкін бұл да бір аталған демонға көрсетілген құрметтің көрінісі болар.

Америка Құрама Штаттарының Әскери Әуе Күштерінде *Gremlins* деген атпен танымал ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарының бар екені белгілі.

*Гном (the gnome)* лексемасы *лепрекон* сияқты экономика саласында кездесіп, *халықаралық көлемдегі ірі банкир, қаржылық алпауыт* деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, компьютерлік технологиялар шеңберінде бірде гном атауының *UNIX тәрізді операциялық жүйелер үшін бос жұмыс үстеліне*, енді бірде *компьютерлік аударма бағдарламасына* берілгенін байқаймыз (*the gnome translator*).

Сондай-ақ, *Gnome Foundation, Gnome Project, Gnome Builder* т.б. терминдер бар. Оның ішінде *Gnome Foundation Gnome* бағдарламасын жасауға мүдделі компаниялар үшін делдалдық қызмет атқаратын қор атауын білдірсе, *Gnome Project Gnome* бағдарламалық платформасын жасайтын аудармашы, суретші т.б. мен оны белсенді қолданушылардан тұратын қауымдастық дегенді меңзейді. Ал, *Gnome Builder* – аталған бағдарламада қолданылатын көмекші құрал.

Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі ең басты демон *devil*-мен жасалған тіркестердің қатарында *Attorney General's Devil* (*қазынашылықтың кіші кеңесшісі*), *devil catcher* (*діни қызметкер*), *devil disease* (*ЖИТС*), *devil dogs* (*американдық теңіз жаяу әскерлері*) т.б. бар.

*Итке* қатысты спорт, өнер тақырыбындағы келесі терминдер кездеседі: *dogfight* (*қоян-қолтық шайқас*), *dog-paddle* немесе *doggy-paddle* (*итше жүзу*), *dogtrot* (*бидегі қысқа қадам*) т.б.

Бау-бақшамен айналысатын ағылшындар *the garden gnome* (*бау-бақша гномы*) деген тіркесті қолданып, бақшасына *гномның* бейнесіндегі *қарақшы* қоятынын келесі сөйлем дәйектейді: *The garden gnome had a fishing rod in hand* (Ауд.: *Бақша гномының* қолында қармақ бар болатын).

Қорғаныш мақсатында қолданылатын қауіпсіздігі орташа саналатын сауытқа *эльф сауыты (elven armor)* [13] деген атау берілсе, *Redcaps әскери полиция* деген мағынада кездеседі. Мысалы: *He missed the curfew and the*

*Redcaps nabbed him* (Ауд.: Комендант сағатынан кешігіп қалған оны әскери полиция ұстап әкетті) [14].

Демондардың мінез-құлқын әбден зерделеген лингвомәдени қауымдастықтың заманауи өкілдері күнделікті қолданысқа *әзәзіл ақша*, *әзәзіл арақ*, *booking fairy*, *garden fairy*, *tooth fairy* т.б. тіркестерді енгізген.

*The Book Fairies* (*кітап феялары*) деген ұғым өздерінің оқыған кітаптарын қоғамдық орынға кітапқа жаны құмар келесі оқырманның қолына тиіп, ол да оқысын деген ниетпен қалдырып кететін адамдарға тағылған атау болса, *the tooth fairy* (*тіс феясы*) – кішкентай балалардың қиял дүниесінен туған жаратылыс иесі. Олардың сенімінше, баланың түсіп қалған сүт тісін феялар алып кетіп, оның орнына ақша тастап кетеді.

Екі тілде де демонология концептісінің перифериясында кездесетін *қара мысықтың жолды кесіп өтуі* – *a black cat crossing your path*, *ібіліс сағаты* – *witching hour*, *толған ай* – *a full moon* т.б. ұғымдар қалыптасқан.

*Қара мысықтың жолды кесіп өтуі* (*a black cat crossing your path*) ағылшындардың ырымында ерте заманнан бері болғанымен, аталған әрекеттің қазіргі таңда заманауи қазақтардың да көңілінде аландаушылық тудырып, жолым болмай қалады деген уайыммен астасатындығы аян.

Ағылшындардың наным бойынша *қара мысық* жын-шайтанмен ассоциацияланады. Ал, қазақтар *араларынан қара мысық өту* деген тұрақты тіркесті *араздасып*, *ренжіскен адамдар* туралы сөз болғанда тілдеріне тиек етеді. Сондықтан, бұл тіркестің де түп төркінінде *әзәзіл* образының жатуы ықтимал. Оның үстіне қазақтар *қара мысықтың қарғысы жаман болады*, *қара мысық қарғыс тілейді* деп сенген.

*Ібіліс сағаты* – *witching hour* ұғымының астарында қос ұлт өкілдерінің танымында да түнгі сағат 3 пен 4 аралығындағы уақыт тылсым күштердің оянып, адамдарға қастық жасайтын кезеңі ретінде қалыптасқаны жайлы деректер бар. Аталған мезгілдің адам ағзасына қауіпті екені медицинада дәлелін тапқан. Өйткені, сөз болып отырған уақыт аралығында адамның дене қызуы мен қан қысымы төмендеп, қорғансыз күйге түседі екен.

Ал, *толған ай* – *a full moon* тіркесінің мазмұны тек астрономиялық құбылысты сипаттап қоймай, айдың аталған кезеңін тылсым күштермен астарластыратын иррационал білімдермен де ұштасады. Дегенмен, бұл кезеңде адамның физиологиялық, психологиялық тұрғыдан өзгеріске ұшырайтынын ғылым да жоққа шығармайды.

Ағылшын демонологиясында ай толғанда кейбір адам құбыжыққа айналып кетеді деген сенім қалыптасқан. Англияның басты археологиялық ескерткіштерінің бірі *Стоунхендж*, пұтқа табынушылардың пікірінше, ай толған кезде неғұрлым тылсым сипатқа ие болатын көрінеді. Аталған құбылысты ағылшындардың коммерциялық бағытта пайдаланатынына мына жарнама куә: *Full Moon Stonehenge Walking Tours*, 2024 (Ауд.: *Ай толған кезде ұйымдастырылатын Стоунхенждегі ересектерге арналған жаяу турлар*, 2024).

Қазақтардың когнитивтік санасында *айдың* кез келген фазасына байланысты қазақи наным-сенімдер, ырым-тиымдар баршылық. Ұрпағына *айға қолыңды шошайтпа, айға қарап дүзге отырма* т.б. мазмұндағы тиым жасаған ата-бабамыз, *ай шалқалап тұса күн суық болады, қырыннан тұса күн жылы болады* деп ауа райын болжаған және *ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа* деп дұға етіп, тілек тілеген. Айтылған ой ұлттық дүниетанымда айдың тылсым күштермен ассоциацияланатынын дәйектесе керек.

Жалпы, демон атаулының образы көбіне зұлымдықпен астасатыны белгілі. Десек те, кей кейіпкердің ұлттық нақыштағы *символ, эталон* жасап, *ассоциация* тудыратынын да атап өткен дұрыс. Мәселен, қазақи сана-сезімде достық пен сыйластықта жүрген адамдардың *араларынан қара мысықтың өтуі* араздықпен *ассоциацияланса, обыр* мен *жалмауызды* жемқорлықтың *эталоны* ретінде қабылдаймыз.

Ал, ағылшындардың таным-түсінігінде *эльф* данышпандықтың, *гоблин* мен *баргест* зұлымдық пен өшпенділіктің, *гном* молшылық пен берекенің *символы* саналып, *лепрекон* байлықпен, сараңдықпен *ассоциацияланады*.

### **Талқылау**

Кез келген ұлт өкілдерінің танымындағы демонологемалар ерекше мәдени сипатқа ие лингвомәдени бірліктер болып саналады.

Ұлт танымындағы прецедент есімдер болып табылатын демонологиялық кейіпкерлер атауы тек фразеологиялық тіркестер мен аңыз-әңгімелерде кездесіп қоймай, терминология саласында да қолданылады.

Көркем шығарма кеңістігінен орын алған демонологемалар рецепиентке эмоционалдық-экспрессивтік тұрғыда әсер ететін әлеуеті жоғары этномаркерлі лексика болып табылады. Демонологемалардың астарындағы эксплицит немесе имплицит ақпараттардың мазмұнына қарай аксиологиялық тұрғыдан саралағанда, олардың *ассоциация* тудырып, *символ* мен *эталонның* қызметін атқара алатынына көз жеткіземіз.

Демонологиялық кейіпкерлер төңірегіндегі аялық ақпарат заманауи ұлт өкілдерінің танымында бейсаналы түрде тіршілік етіп, олардың қоғамдағы мінез-құлық нормасын реттеуге көмектеседі. Өйткені, ұлттық демонология аясындағы мәдени кодты шешуге күзіретті заманауи тілдік тұлға өзінің күнделікті тыныс-тіршілігінде демондарға қатысты ырым-тиымдарды ұстануы мүмкін.

### **Қорытынды**

Алынған нәтижелердің шынайылығын тіл мен ойлаудың, тіл мен мәдениеттің арақатынасы, дүниенің тілдік бейнесі, метафоризация процестері, жалқы есімдердің қалыптасу заңдылықтары туралы тұжырымдамаларға сүйенген зерттеудің жалпы әдіснамалық және теориялық негіздемесі қамтамасыз етеді.

Келтірілген мысалдар демондардың өткен күннің елесі емес, қазір

де ұлт өкілдерінің санасында вербальды түрде орныққан кейіпкерлер екенін дәйектейді, өйткені тілдік тұлға танымындағы нақты демонологема аясындағы экстралингвистикалық білімдер терминдер жасауда, мағынаға қосымша прагматикалық-экспрессивтік әсер тудыруда үлкен маңызға ие.

Ағылшын тілінде демон атауларына қатысты терминдер баршылық болғанымен, қазақ тілінде демонологемалардың термин жасаудағы әлеуетінің төмен екенін байқауға болады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір демонологиялық персонаждардың физикалық кескін-келбетіне, психологиялық портретіне, атқаратын қызметіне, олардың астарындағы аялық ақпараттарға жасалған талдау олардың тілдік қауымдастық өкілдері дүниетанымының негізгі константалары екенін танытып, өзіндік ерекшеліктерін байқатты.

Тұжырымдалған қорытынды тілдік материалдармен дәлелденді

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қасқабасов С. Ойөріс – Астана: Астана полиграфия. 2009. – 320 б.
- [2] Уикипедия // <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- [3] Английская мифология и фольклор. Подраздел: Фольклор графства Дарем. // [bestiary.us](http://bestiary.us) <https://www.bestiary.us/><https://www.bestiary.us/>
- [4] Қазақ демонологиясы//Әдебиет порталы, 2021. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-demonologiiasy\\_\\_23233](https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-demonologiiasy__23233)
- [5] Мистические Существа Англии: Фэйри, Хоббиты, Орки // [Llingvaflavor](http://Llingvaflavor.com). <https://www.lingvaflavor.com/misticheskie-sushhestva-anglii-feyri-hobbityi-orki/>
- [6] Merriam-Webster`s Learner`s Dictionary:
- [7] Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс. 2008. – 375 б.
- [8] Загидуллина А.А., Чукаева Т.К., Карибаева Б.Е. Прагма-функциональные особенности создания авторских неологизмов в романах Дж.К. Роулинг: новый мир –новыйязык // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Филологические науки. – Алматы, 2024. – №3 (74). – С.70-90.
- [9] Избергенов Н. Обыр ауруының алдын алу // Маңғыстау Медиа, 2018. <https://mangystaumedиа.kz/kk/bile-zhuriniz/50323>.
- [10] Сапармұратов М. Қоғамдағы көп кеселді қолдан жасап отырмыз // Жас Алаш Республикалық қоғамдық-саяси газеті, 2020.<https://zhasalash.kz/news/qogamdagy-kop-keseldi-qoldan-zhasap-otyrmыз-12994/>
- [11] [Bilim-all](https://bilim-all.kz/figure/3111?posts=olen) // <https://bilim-all.kz/figure/3111?posts=olen>
- [12] Leprechaun economics // Wikipedia, the free encyclopedia. [https://en.wikipedia.org/wiki/Leprechaun\\_economics](https://en.wikipedia.org/wiki/Leprechaun_economics)
- [13] Elves // Skyeng. <https://skyeng.ru/vocabulary/elves/><https://skyeng.ru/vocabulary/elves/>
- [14] Gremlin // Reverso. <https://context.reverso.net/>



## REFERENCES

- [1] Qasqabasov S. Oiöris – Astana: Astana poligrafiya. 2009. –320 b. [in Kaz.]
- [2] Wikipedia <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [in Kaz.]
- [3] Angliskaiamifologia i föklor. Podrazdel: Föklorgrafstva Darem.// bestiary.us <https://www.bestiary.us/> <https://www.bestiary.us/>. [in Rus.]
- [4] Qazaq demonologiasy [Kazakh demonology] // Ädebiportalny [Literature portal], 2021. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-demonologiasy\\_\\_23233](https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-demonologiasy__23233) [in Kaz.]
- [5] Misticheskie Suşestva Anglii: Feiri, Hobity, Orki [Mystical Creatures Of England:Fairies, Hobbits, Orcs]. // Llingvaflavor. <https://www.lingvaflavor.com/misticheskie-sushhestva-anglii-feyri-hobbityi-orke/> [in Rus.]
- [6] Merriam-Webster`s Learner`s Dictionary:
- [7] Qondybaı S. Qazaq mifologiasyna kirispe [Introduction to Kazakh mythology]. –Almaty: Arys. 2008. – 375 b. [in Kaz.]
- [8] Zagidullina A.A., Chukaeva T.K., Karibaeva B.E. Pragma-funktionalnye osobennosti sozdaniya avtorskih neologizmov v romanah Dj.K. Rouling: novyi mir –novyi yazyk [Pragma-functional features of the creation of author`s neologisms in J.K.Rowling`s novels: A New World – new language] // İzvestiya KazUMOiMYa imeni Abylaihana. Seriya: Filologicheskie nauki. – Almaty, 2024. – №3 (74). – S.70-90. [in Rus.]
- [9] İzbergenov N. Obyrauruynyñaldynalu [Cancerprevention]// Mañğystau Media [MangystauMedia], 2018.<https://mangystaumedial.kz/kk/bilezhuriniz/50323>. [in Kaz.]
- [10] Saparmūratov M. Qoğamdağy köp keseldı qoldan jasap otyrmyz [We fake many problems in society] // Jas Alaş Respublikalyq qoğamdyq-saiasi gazeti, 2020. <https://zhasalash.kz/news/qogamdagy-kop-keseldi-qoldan-zhasap-otyrmyz-12994/> [in Kaz.]
- [11] Bilim-all.//<https://bilim-all.kz/figure/3111?posts=olen> [in Kaz.]
- [12] Leprechaun economics//Wikipedia, the free encyclopedia.[https://en.wikipedia.org/wiki/Leprechaun\\_economics](https://en.wikipedia.org/wiki/Leprechaun_economics)
- [13] Elves//Skyeng.<https://skyeng.ru/vocabulary/elves/>
- [14] Gremlin // Reverso.<https://context.reverso.net/>

## КОГНИТИВНЫЙ ХАРАКТЕР ДЕМОНОЛОГИЧЕСКИХ ПЕРСОНАЖЕЙ КАЗАХСКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ

\*Снасапова Г.Ж.<sup>1</sup>, Нұрсұлтанқызы Ж.<sup>2</sup>, Байдаулетова А.О.<sup>3</sup>, Оралбаева Г.С.<sup>4</sup>

<sup>\*1,2,3,4</sup> Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Қазақстан

**Аннотация.** Фразеологизмы, сказки, легенды, содержащие демонологемы имеют особое значение в формировании национального самосознания и в познании окружающей среды.

Целью статьи является изучение когнитивной информации о

демонологических персонажах в казахском и английском языках, а также сопоставление их лингвопрагматического потенциала. Актуальность статьи объясняется тем, что исследования в рамках когнитивной лингвистики направлены на разграничение взаимосвязей между национальным познанием, языком и реальным миром. Работа выполнена в лингвокультурологическом направлении.

Научная значимость определяется выводами, полученными в результате применения метода лингвокультурологического анализа демонических персонажей на казахском и английском языках, так как они вносят уточнения в языковую картину мира казахов и англичан, расширяют представление о менталитете членов данных языковых сообществ. Использовались метод сравнительного анализа, методы когнитивной интерпретации, описания, непрерывного отбора и классификации материалов.

Наряду с универсальными демонологическими образами обсуждалась информация о некоторых персонажах, известных только членам казахского и англоязычного сообществ, а также анализировались их род занятий, поведение, род, внешность и т.д.

Психологический портрет некоторых демонологических персонажей был сопоставлен с национально-когнитивной точки зрения, собрана эксплицитная и имплицитная информация, перечислены их национальные особенности, общие сходства.

В статье демонологемы рассматриваются как этномаркерная лексика и их участие в создании терминов подтверждается примерами. Отмечено кумулятивное свойство имен демонов, они рассматривались как лексиконы с высоким коммуникативно-прагматическим потенциалом и сделанные выводы доказаны на конкретных примерах.

Лингвокультурологический анализ демонологических образов двух неродственных языков позволяет глубже распознать некоторые особенности менталитета казахов и англичан. Тот факт, что в современном обществе языковая личность проявляет повышенный интерес к получению информации о мистических силах, не оспаривается. С этой точки зрения рассмотрение демонологических персонажей в рамках когнитивной лингвистики можно отнести к ценности работы, а полученные результаты и сделанные выводы можно считать вкладом в соответствующую область знаний.

Практическая значимость статьи состоит в том, что некоторые результаты исследования могут быть использованы в сопоставительном языкознании, лингвокультурологии, когнитивной лингвистике, практике преподавания казахского и английского языков, а также в разработке тематики курсовых и дипломных работ, составлении толковых словарей.

**Ключевые слова:** мифологическая картина мира, демоны, иррациональные знания, мифологическое познание, фоновая информация, коллективное сознание, миф, культурный код, имплицитная информация, аксиологические ценности

## THE COGNITIVE NATURE OF THE DEMONOLOGICAL CHARACTERS OF THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

\*Snasapova G.Zh.<sup>1</sup>, Nursultankyzy Zh.<sup>2</sup>, Baidauletova A.O.<sup>3</sup>, Oralbayeva G.S.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> Kyzylorda «Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan

**Abstract.** Phraseological units, tales and legends containing demonologems are of particular importance in the formation of national consciousness in the knowledge of the environment.

The purpose of the article is to study cognitive information about demonological characters in Kazakh and English, related to precedent names and to compare their linguopragmatic potential.

The relevance of the article is explained by the fact that research in the direction of cognitive linguistics is aimed at distinguishing the relationship between national knowledge, language and real world. The work was carried out in the linguoculturological direction. The scientific significance is determined by the conclusions obtained as a result of the application of the method of linguoculturological analysis of demons in Kazakh and English, as they clarify the linguistic picture of the world of Kazakhs and English, expand the idea of the mentality of members of these linguistic communities. The method of comparative analysis, methods of cognitive interpretation, description, continuous selection and classification of the material were used.

The psychological portrait of some demons was compared with the national-cognitive point of view, explicit, implicit information was collected, their national characteristics and common similarities were listed.

Demonologems are considered as ethnomarker vocabulary, their participation in the creation of a term is proved. The fact that in modern society the linguistic personality has a high interest in learning information about mystical forces is not disputed. From this point of view, the comparative consideration of demons in Kazakh and English within the framework of cognitive linguistics can be called the value of the work.

The practical significance lies in the fact that some of the research results can be used in comparative linguistics, linguoculturology, cognitive linguistics, the practice of teaching Kazakh and English, as well as in the development of topics of term papers, the compilation of explanatory dictionaries.

**Keywords:** mythological picture of the world, demons, irrational knowledge, mythological cognition, background information, collective consciousness, myth, cultural code, implicit information, axiological values

*Мақала түсті: 18 қараша 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Снасәпова Гүлжәхан Жұмашқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: gul.snasapova@mail.ru

Нұрсұлтанқызы Жәзира – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: zhaznur@mail.ru

Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: Ayiagoz\_i@mail.ru

Оралбаева Гүлжәйна Сметуллақызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: oralbaeva1904@mail.ru

***Информация об авторах:***

Снасәпова Гүлжәхан Жұмашовна – кандидат филологических наук, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Қазақстан, e-mail: gul.snasapova@mail.ru

Нұрсұлтанқызы Жәзира – кандидат филологических наук, доцент, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Қазақстан, e-mail: zhaznur@mail.ru

Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы – кандидат филологических наук, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Қазақстан, e-mail: Ayiagoz\_i@mail.ru

Оралбаева Гүлжәйна Сметуллақызы – магистр педагогических наук, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Қазақстан, e-mail: oralbaeva1904@mail.ru

***Information about the authors:***

Snasapova Gulzhakhan Zhumashovna – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda «Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: gul.snasapova@mail.ru

Nursultankyzy Zhazira – Candidate of Philological Sciences, Docent, Kyzylorda «Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: zhaznur@mail.ru

Baidauletova Ayakoz Oteukyzy A.O. – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda «Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: Ayiagoz\_i@mail.ru

Oralbayeva Gulzhaina Smetullakyzy – Master of Pedagogical Sciences, Kyzylorda «Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: oralbaeva1904@mail.ru